

Қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір дауыстылардың сипаты

Тұрсынова М.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье анализируются гласные звуки современных тюркских языков в сравнительно-историческом аспекте. Автором выявляются общие характерные особенности гласных звуков в тюркских языках, которые подтверждаются анализируемым языковым материалом. С целью выявления особенностей, различий и общих черт гласных звуков тюркских языков проанализированы фрагменты памятников древнетюркской письменности, а также приведены сведения по исторической фонетике тюркских языков.

The article is devoted to research of vowels in modern Turkic languages in comparative historical aspect. The author reveals common characteristic features of vowel sounds in Turkic languages which were affirmed by analyzed language material. Research of features of vowel sounds in Turkic languages is based on a material of Turkic Ancient written monuments, and also is given basic data on Historical Phonetics of Turkic languages.

Ғылымда «Орхон-Енисей жазба ескерткіштері» дейтін белгілі көне түркі тілінде 8 дауысты фонема болса (а, е, ы, і, о, у, ө, ү) [1; 35], қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыстарға да қатысты ортақтықтармен қатар ерекшеліктері де бар.

Ортақтық түбі бір түркі тілінің тектестігін көрсетсе, ол сөздің белгілі бір деңгейіндегі дыбыстардың өзгеріске түспей сақталуы ретінде көрініп, айырмашылығын дыбыстық сәйкестіктердің сипатымен, үндестік заңына қатысты ерекшеліктерімен, кейбір тілдердің өздеріне ғана тән ішкі табиғатымен байланыстыруға болады.

А дауысы түркі тілдерінің басым көпшілігінде сөздің барлық деңгейінде ортақ сипатта қолданылады. А дауысына қатысты түркі тілдеріндегі ерекшеліктерді ашық-қысаң дауыстылардың сәйкестігімен, өзбек, башқұрт, татар тілдеріндегі *a*-ның *o*-ға жақын естілуімен көрсетуге болады.

Түркі тілдеріндегі құрамында *a* дауыстысы бар сөздерге өзбек тілінде *o* сәйкес келеді. Өзбек тіліндегі *o*-ны айтқанда, тіл *a* фонемасын айтқандағыдан да әрі қарай жиырылады. Тілдің ұшы астыңғы тіске тимей, төменгі иек мейлінше төмен түседі, яғни *o* — тіл арты, ашық, езулік фонема. Ауыздың кең ашылуынан жасалатын ашық *o* қатар келген дауыссыздардың әсерінен екі түрлі мәнде айтылады: *q*, *g*, *x* дауыссыздарымен қатар келгенде тіл арты, басқа дауыссыздармен қатар келгенде тіл алды мәніне ие болады.

Өзбек тіліндегі *o*, басқа түркі тілдеріне қарағанда, өзіндік ерекшелігі бар фонема. Еріндік мәнде айтылатын *o* өзбек тілімен қоса, татар, башқұрт тілдерінде кездескенімен, өзбек тілінде ғана фонологиялық мәні бар [2; 39]. Сөз буындарының жуан-жіңішкелігін талғамайтын, қазақ тіліндегі *a* немесе *ə*-ге сәйкес келіп тұрған *o* фонемасы туралы түркі тілдерін зерттеген ғалымдар пікірі әр түрлі. Айталық, кей ғалымдар өзбек тіліндегі *a* езулігінің еріндікке айналуын өзбек халқының құрамына орта ғасырларда иран тектес халықтардың сіңісіп кетуінің тигізген әсері деп қараса [3; 27], кей зерттеушілер *a*-ның ашық *o*-ға айналуын өзбек тілінің өзіндік ерекшелігімен байланыстырады [4]. Ал өзбек тілінің грамматикасын зерттеген ғалым А.Н.Кононов *o* фонемасының пайда болуын тарихи жалғыз *a*-ның екі фонемаға, яғни *a*, *o* фонемаларына бөлінуімен байланыстырады [5]. В.В.Решетов дауысты фонемалардың санының азаюы конвергенция құбылысы деп атап көрсете келіп: «Второй процесс, происходивший в истории фонем литературного узбекского языка, привел к увеличению количества гласных фонем нижнего подъема в результате дивергенции типично тюркского заднерядного *a*. В ряду гласных нижнего подъема появился широкий гласный (*o*)», — деп өзбек тіліндегі *o*-ның пайда болуына өз пікірін келтіреді [6; 118]. А.М.Щербак: «И все же объяснить возникновение огубленности *a* влиянием одних комбинаторно-позиционных условий очень трудно, так как огубленность *a*, например, в узбекском языке развилась и в тех случаях, когда ни фонетическое окружение, ни позиция в слове не способствовали этому. Примечательно так же, что при наличии одинаковых возможностей огубления широких и узких гласных под влиянием окружающих звуков и одинаковой реализации этих возможностей в общетюркском масштабе устойчивое и более или менее регулярное огубление прослеживается только в небольшой группе тюркских языков», — деп өз көзқарасын білдіреді [2; 41]. Яғни өзбек тіліндегі *o* фонемасының пайда болуына байланысты екі

түрлі пікір бар дедік. Бір топ ғалымдар бұл құбылысты субстрат теориясы десе, екінші топтағылар өзбек тілі дамуының ішкі заңдылықтарының әсері деп қарайды. Біз бұл тұрғыда бірінші көзқарас дұрыс болар деп жорамалдаймыз. Мысалдар: *ата-ота, ана-она, бала-бола, алма-олма, құлақ-қулоқ, нәзік-нозик, қағаз-қоғоз, сақал-соқол* т.б.

Өзбек тіліндегі *o* фонемасының басқа түркі тілдеріндегі *a*-ға сәйкес келуімен қатар бірқатар сөздер өзбек тілінде де *a* езулігімен айтылып, салыстырып отырған тілдер арасында да байқалады. Яғни қазақ, қырғыз тілдеріндегі *a* өзбек тілінде де *a* фонемасына сәйкес келеді: *амал-амал, анық-аниқ, ақылды-ақлли, талап-талаб, қалың-калин, қайшы-қайчы* т.б.

Татар, башқұрт тілдерінде де басқа түркі тілдеріндегі *a* дыбысы *o*-ға жақын естілетін тұстары бар: *қара-қ[ao]ра, ат-[ao]т* т.б.

М.Томанов бұл туралы: «Дыбыстау мен сапасы жағынан *a* фонемасы қазіргі қазақ, алтай, әзербайжан, балқар, қарайым, қырғыз, қарақалпақ, құмық, түрік, түрікмен, ұйғыр, хақас, шор тілдерінде бірыңғай бір-біріне жақын дәрежеде. Айырмашылық башқұрт, татар және өзбек тілдерінде кездеседі. Башқұрт пен татар тілдеріндегі *a* фонемасы, басқа тілдермен салыстырғанда, біршама «жасық» *o*-ға жақын естіледі» [3; 40].

Жалпытүркілік *a* дыбысының кейбір тілдерде еріндік сипатта айтылуы немесе *a* мен *ы* арасындағыдай естілуінен басқа кейбір тілдерде *ы* дыбысына сәйкестігі де орын алған. Оған тува, якут, чуваш тілдерін жатқызуға болады [7; 57].

Алайда бұл сияқты сәйкестіктер түркі тілдерінде кездескенімен, олардың себебі әлі күнге дейін түсіндірілмей келеді. Бұл туралы А.М.Щербак: «Появление *ы* на месте *a* невозможно объяснить ни характером вокализма непервых слогов, ни особенностями непосредственного фонетического окружения: изменение *a* в *ы* наблюдается в начале слова, после любых согласных и перед любыми согласными, независимо от качества гласных последующего слога», — дейді [2; 145]. *A-ы* сәйкестігінің басқа түркі тілдерінде кездесуі туралы ғалымдар пікірін келтіре отырып, С.Бизақов бұл алмасулардың сөз варианттарының қалыптасуына негіз болып қазақ тілінде де орын алғандығы ретінде *таяз/тайыз, айқара/айқыра, айырмасы/айырымы, мағана/мағына* т.б. сияқты сөздерді мысалға алады [8].

Чуваш тілінде басқа түркі тілдеріндегі *a*-ның *ы*-ға сәйкестігімен қоса, *у* дыбысына да сәйкестігі бар екендігі қазақ-чуваш тілдерін салыстыруда *алма-улма, бар-пур, бас-пус, жан-чун, қара-хура, сат-сут, сақал-сухал, туп-тап, тарт-турт* т.б. [7; 68].

Қазақ тілінде *ә* дыбысы сөздің басқы буындарына қарағанда, соңғы буындарында сирек кездеседі, сонымен бірге бұл фонема кейбір сөздер құрамында *a* графемасымен таңбалаыды: *ән, сән, кітап [kitəp]* т.б. Қазақ тілінде *ә*-нің сирек кездесуінің басты себебі ретінде кей ғалымдар *ә*-нің қазақ тіліне басқа күншығыс тілдерінен келген сөздермен байланыстырады [9]. А.Байтұрсынов та қазақ тіліндегі дауысты фонемалардың таңбасы ретінде *ә*-ні енгізбеген [10]. І.Кеңесбаев: «...һар, һаріф т.б. сөздердегі *һ* фонемасы біздің тілімізде кейде нульге айналады. Осының салдарынан һа тізбегі *ә* фонемасын тудырған болу керек», — деп [9; 230], *ә* дыбысының фонема ретінде қазақ тіліне бертін кезде пайда болғандығын айтады. М.Томанов V–VIII ғасырлар жазбаларының тілінде де, орта ғасырлардың алғашқы кезеңіне қатысты жазбаларда да бұл фонема кездеспейтінін өзінің тіл тарихына байланысты еңбегінде жазады [1; 45].

Дегенмен *ә*-нің байырғы сөздеріміздің құрамында кездесетін *әке, әже, және* сияқты сөздерді мысалға алуымызға болады. Осыған орай *ә* фонемасының түркі тілдеріне араб, иран тілінен еңбегені, оның төл дыбысымыз екені туралы А.Ысқақов өзінің «Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау» деген еңбегінде жазады. Ғалым қазақ тілінің көне бір, екі буынды сөздерінен мысал келтіре отырып, қазіргі кей түркі тілдерінде қосымша құрамында да сақталғанына мысал келтіреді, әрі *ә* дыбысы көне түркілік жуан дауысты *a* дыбысының жіңішке сыңары болғандығы туралы өз топшылауын айта келіп: «...*ә* дыбысы қазіргі түркі тілдерінің кейбіреулерінде біржолата жоғалып кеткенімен, кейбір түркі тілдерінде, мысалы: татар, ұйғыр, т.б. тілдерде әлі күнге дейін сөздің барлық буынында қолданылады. Ал қазақ тілінде тек бірінші буында ғана сақталып қалған байырғы дыбыс екеніне ешбір күмән болмасқа тиіс», — дейді [11]. Мұндай пікірді С.Мырзабековтің де еңбектерінен кездестіруге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде *ә* дыбысы қазақ тілінен басқа татар, ұйғыр, әзербайжан, башқұрт, түрікмен тілдерінде кездеседі және алғашқы үш тілде түбір құрамында да, қосымшаларда да актив қолданылуымен ерекшеленеді. Мысалы: *сөйләп бирдә-сөйлеп берді, бара бирә-бара бере, иртән-ертең, тәрәзә-терезе, тәкә-теке, каләм-қалам* т.б. (татар); *кәл-кел, кәт-кет, бәр-бер, вәтән-отан,*

йәр-жер, әт-ет, сәксән-сексен, дәрәх-терек, келимән-келемін, сөйлимә-сөйлеме т.б. (ұйғыр); *сенин өлкән-сениң өлкең, көрүрсән-көрерсің, нә әкәрсән, ону бичәрсән-не ексең, соны орарсың* т.б. (әзербайжан); *минән зур-менен зор, менән биргә-менімен бірге, әтәс-әтеш, сәғәт-сағат, кәрәк-керек, мәктәп-мектеп* (башқұрт); *кәтмән-кетпен, кәсе-кесе, гәрә-көр, нәче-неше, әдик-етик* (түрікмен).

Татар, башқұрт тілдерінде *ә* фонемасы басқа түркі тілдеріндегі *а* дыбысына сәйкес (*бәйлә-байла, әйлән-айнал, әйт-айт, чәч-шаи* т.б.) болуымен қатар, орыс, араб, парсы тілдерінен енген сөздердің құрамындағы кейбір дыбыстардың орнына да (*кәрзинә, тәлинкә, шәл, сәләм, бәхет, қаләм* т.б.) қолданылады.

Кейбір түркі тілдерінде *ә*-ні таңбалайтын арнайы әріп жоқ болғанымен, ғалымдар пікіріне қарасақ, диалектілерде *ә* фонемасының орын алатын тұстары бар. Н.З.Гаджиева қырғыз әдеби тіліндегі сегіз фонемаға қоса, сөздің барлық буынында кездесетін қырғыз тілінің оңтүстік говорындағы *ә*-ні тоғызыншы фонема деп көрсетеді [12; 146]. Ф.Г.Исхаков әзербайжан, түрікмен, ұйғыр, татар, башқұрт, қазақ тілдерінде дербес фонема ретінде саналатын *ә*-нің өзбек тілінің сингармониялық говорларында кездесетінін айтады [12; 70]. Ал В.В.Решетов өзбек әліпбиінде орын алмағанымен, *ә*-ні дербес фонема екендігін айта келе: «Гласный *а* в современной узбекской орфоэпии имеет различные оттенки, некоторые из которых по сути дела являются самостоятельными фонемами. Помимо *а*, сюда относится и гласный [ә], являющийся не оттенком, а вполне самостоятельной фонемой с широким диапазоном употребления, но не нашедшей отражения в узбекском алфавите. Гласный [ә] в литературном узбекском языке употребляется очень широко и в любом звуковом окружении, даже в непосредственном соседстве с глубокозаднеязычными согласными *қ, ғ, х*: *адаб* [әдәп], *ука* [үкә], *санамоқ* [сәнәмоқ], *қилдилар* [қылдылар], *қиламан* [қыләмән]» [6; 140].

«*Е* фонемасы қазіргі түркі тілдерінде екі түрлі негізде қалыптасқан: таза түркілік *е*, орыс тілі арқылы енген сөздер құрамындағы *е*», — деп М.Томанов атап көрсеткендей [3; 41], қазіргі түркі тілдерінде *е* дыбысының *і, ә, и* дыбыстарына сәйкестіктері орын алған.

Е-і сәйкестіктері көне жазба ескерткіштерінде де (*біс-бес, іл-ел*) кездесетін тұстарын ескерсек, бұл сәйкестік қазіргі тілдерге де тән екендігі көрінеді. Оны татар-қазақ тілдерін салыстыру арқылы көруге болады: *бүген-бүгін, көзсез-көзсіз, без-біз, сез-сіз, тел-тіл* т.б.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі *кел, кес, тер* сөздерінің *кил, кис, тир* түрінде қолданысы хақас, татар, башқұрт тілдерінде кездесіп, басқа түркі тілдерінен, көне түркі тілінен ерекше сипатта көрінеді. Сонымен қатар тува тілінде *е* фонемасының көмей арқылы айтылатын вариантының фонемалық мән алуы басқа түркі тілдерінде кездеспейді [3; 42].

Е дыбысының *ә* дыбысына сәйкестігінің татар (*сөйләп торалар-сөйлеп тұра береді, бара бирә-бара бере*), башқұрт (*минән зур-менен зор, минән бергә-менімен бірге, дүнән-дөнен*) тілдерімен қоса қырғыз тілінде де көрінісі бар: *нерсе (нәрсе), дептер (дәптер), кесіп (кәсіп), тен (тән)* т.б.

Түркі тілдерінде *е* жіңішке дауыстылар қатарына жататындықтан, құрамында басқа жіңішке дауыстылар бар сөздерде кездеседі. Ал өзбек тілінде ерекшеленеді. Басқа түркі тілдерінде тіл алды дауыстыларымен ғана қатар тұра алатын *э/е/* өзбек тілінде ғана барлық дауысты дыбыстармен қатар келеді. Мысалдар: *еркек-эркак, кеме-кема, тізе-тизза, тілек-тилак* т.б. Әрине, бұның басты себебі өзбек тілінде дауыстылардың жуан-жіңішке болып бөлінбеуіне да байланысты болса керек.

Ы дыбысы түркі тілдерінің барлығында дерлік қолданылғанымен, қарлұқ тобындағы тілдерде ерекшеленетіні белгілі.

Өзбек тілінде басқа түркі тілдеріндегі *ы*-ның дәл өзіндей дыбыс жоқ. Кей сөздердің құрамындағы жоғары-қысаң и дауыстысы қазақ, қырғыз тіліндегі *ы*-ға жақын естіледі: *билади* [билады] (*біледі*), *мактабдами?* [мақтаптамы] (*мектепте ме?*), *гаплашдим* [гаплашдым] (*сөйлестім*), *қишлоққа* [қишлоққа] (*ауылға*) т.б. Дегенмен де қазақ тіліндегі *ы*-ның нақты көрінісі өзбек тілінде жоқ. Бұл туралы Ф.Г.Исхаков: «Фонема *ы* во всех тюркских языках, за исключением лишь современного узбекского и уйгурского, в которых *ы* и *и* уже совпали в одну фонему, произносящуюся как *и*», — дейді [7; 47].

Ы дыбысының ортақ түркілік сипатына қарағанда чуваш тілінде аталған дыбыстың басқа тілдердегідей қысаң емес, ашық дәрежеде айтылуы орын алған. Ал якут тілінде басқа түркі тілдерімен салыстырғанда *а-ы* немесе *ы-а* сәйкестіктері де кездеседі: *ый-ай, ыт-ат, ақата-әкесі, аата-аты* т.б.

Сөздің әр шеніндегі ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың бірінің орнына бірі қолданылуы — салыстырып отырған тілдерде кездесетін басты ерекшеліктің бірі. Бұл сәйкестіктерге түркі тілдеріндегі *ы-а, а-ы* түріндегі сәйкестіктерді жатқызуға болады: *арқылы-орқали, тысқары-*

ташқари (қазақ-өзбек), *жаңа-жаңы*, *жалаңаш-жылаңаш*, (қазақ-қырғыз), *ылтан-алтын*, *тыра-тары*, *тымар-тамыр*, *пыл-бал* (чуваш-қазақ), *қалың-қылың*, *хырын-қарын* (тува-қазақ) т.б.

Қазақ, өзбек тілдеріндегі дауысты дыбыстарға қатысты дыбыс алмасуларына *ы-у* түріндегі дыбыс сәйкестігін де айтуға болады. Қатар келген ерін фонемасының әсерінен *ы-ның у-ға* айналуы өзбек тілінен басқа әзербайжан, түрік тілдерінде де кездеседі [13]. Бұндай ерекшеліктің қырғыз тіліне де қатысты екенін төмендегі мысалдар арқылы дәлелдеуге болады: *мысық–мушук*, *ұйқы–уйку*, *тұмсық–тумшук*, *тырна–турна*, *бұйрық–буйрук* т.б.

Қазақ тіліндегі *ы* дыбысына қатысты болып отырған бұл ерекшеліктер түркі тілдері тарихымен тығыз байланысты екендігін тіл тарихы материалдарынан көруге болады. Қазақ, қырғыз, өзбек тілдеріндегі *ы-у* сәйкестігін *ы* дыбысының тарихымен байланыстырсақ, қазіргі қазақ тіліндегі *ы* дыбысының көне түркі тарихына қатысты *у/ү/-ы* немесе *у-ұ-ы* болып шығады [1; 48].

Қазақ тілінде көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағынан кейін жалғанған жіктік жалғаудың *-ды, -ді, -ты, -ті* құрамындағы *-ы, -і* кей кезде ауызекі сөйлеудің орфоэпиялық заңдылықтарына сәйкес естілмей қалады, бірақ орфографиялық ереже бойынша жазылуда сақталады. Мысалы: *барады* — [барад], *келеді* — [келед], *айтады* — [айтад]. Осы етістіктің келер шағының үшінші жағына қатысты жалғау қырғыз тілінде қазақ тіліндегідей *-ды, -ді, -ты, -ті*, түрінде емес, *-т* жалғауы арқылы беріледі, яғни қазақ тіліндегідей емес, *-ы, -і* қолданылмайды. Бұл жалғаудың көпше түрі қырғыз тілінде *-ышат, -ишет, -ушат, -ушет* болып келеді. Мысалы: *айтқым келеді* — *айткым келет*, *барсам болады-барсам болат*, *істегім келеді* — *иштегим келет*, *таныссам болады екен* — *танышсам болат эле*, *олар хат жазысады* — *алар кат жазышат*, *сағат сегізде басталады* — *саат сегізде баишталат* т.б.

Қазақ тілінде сөз басында үнді *р, л* дауыссыздары келсе, олардың алдынан дауысты дыбыс естіліп тұрады, бірақ жазуда еленбейді (*лақтыр* — *ылақтыр*, *рақым* — *ырақым*, *лас* — *ылас*).

Бұл қолданыс түркі негіз тілінде *р, л* дауыссыздарының сөз ортасы мен аяғында кездесіп, сөз басында қолданылмауына байланыстырылып жүр [1; 62]. Ал қазақ тіліндегі *р* мен *л*-дан басталатын сөздерді қырғыз тіліндегі қолданысымен салыстырсақ, орфографияда да *ы, и* түсірілмей қолданылатынын көреміз. Бұл туралы И.А.Батманов: «В киргизских словах *р* в начале слова не употреблялся. Обычно все заимствуемые арабско-иранские слова с начальным *р* протезировались узким гласным *ы, у*: уруксат, ыракмат», — дейді [14]. Бұл қазақ және қырғыз тілдеріндегі ұқсастықтарды көрсетеді, екі тіл табиғатының жақындығы байқалады, ортақ түркілік ұқсастық көзге түседі, тек қырғыз тілінде қазақ тіліндегідей емес, орфографияда сақталады: *рахмет–ыракмат*, *рас–ырас*, *рахат–ыракат*, *лақ–улак*, *лай–ылай* т.б.

Қазақ тіліндегі *і* қысаңы сөздегі *л, р* сонорынан бұрын және сөздің екпінсіз позициясында редукция басқышымен айтылады: *білім* [блім], *піскен* [пскен], *білек* [блек] т.б. Өзбек тілінде де қатаң дауыссыздар ортасында (*киши* [кши], *пишир* [пшир]). Сондай-ақ *р, л, з* дауыссыздарынан кейін де *и*-дің естілуі баяулайды: *кир* [кр], *бирок* [брок], *билан* [блэн], *бир* [бр] т.б.

Қазақ тіліндегі *и* әрпі қазақтың төл сөздерінің құрамында кездескенде *ий* (*қисық*, *жыми*), *ий* (*ти*, *би*), *үй* (*мұқит*, *оқи*), *үй* (*түкси*, *дүние*) дыбыстарына естіліп, *и* графемасы арқылы таңбалаынады. Ал қырғыз, өзбек тілдеріндегі *ий* дыбыстық тіркесі қазақ тілінде *и* түрінде де кездеседі. Қазақ тіліндегі *и* дыбысы қырғыз тіліндегі *и*, сондай-ақ қазақ тіліндегі *ы, і* өзбек тіліндегі *и* дыбысы қолданылатын тұстарға сәйкес болғандықтан, бұл жерде таңбалық айырмашылық қана көрінеді: *ине* [ійне]-*ийне*, *игілік* [ійгілік]-*ийгилик*, *дидар* [дійдар]-*дийдор*, *қиын* [қийын] *қийин* т.б.

О дыбысы қазақ тілінде көбіне сөздің бас буындарында қолданылады. *О* дауыстысы сөз басында қолданылса, алдынан дәнекер дыбыс естіліп, дифтонгоид сапада айтылады: *отыз* [уотүз], *орман* [уорман], *орын* [уорүн] т.б.

О, ө дыбыстарының сипатын жалпы түркі тілдерімен салыстыру барысында өзбек, татар, башқұрт тілдері ерекшеленетінін көруге болады. *Ө* дыбысы *о*-ның жіңішке сыңары болғанымен, өзбек әдеби тілінде, татар, башқұрт, чуваш тілдерінде орын алмаған.

Қазақ тіліндегі *о* фонемасына өзбек тіліндегі еріндік жартылай қысаң фонема *у* сәйкес келеді. Өзбек тіліндегі *қ, г, х* дауыссыздарынан кейін келген *у* қазақ тіліндегі тіл арты *о*-ға жақын естіледі: *қул* (*қол*), *хужалиқ* (*қожалық*), *қурғон* (*қорған*) т.б. Өзбек тіліндегі *у* фонемасының артикуляциясы туралы А.Махмудовтың еңбегінде: «Рот открыт меньше, чем при произношении *о*. Губы напряжены, сильно отделены от зубов и вытянуты вперед: между ними образуется овальное отверстие», — деп көрсетеді [15].

Өзбек тіліндегі *у* дауыстысы *к, г, х* дауыссыздарынан кейін қазақ, қырғыз тіліндегі жіңішке *ө* дыбысына жақын айтылады: *гузал* [гөзэл] (*әдемі*), *курпа* [көрпә] (*көрпе*), *куркам* [көркәм] (*көркем*) т.б.

Бұл тілдегі у қазақ, қырғыз тілдеріндегі *ө*-ге сәйкес келгенімен, сөз соңында кездеспейді, яғни сөздің тек басқы буындарында ғана қолданылады.

Түркілік *о* фонемасының қазіргі түркі тілдерінде сақталуымен қатар, кей тілдердегі көрінісі барлық уақытта бірдей еместігін айта келіп, М.Томанов өзбек тіліндегі *о* фонемасының ерекшелігі туралы: «Өзбек әдеби тілінде *о* типтес екі түрлі фонема бары белгілі: басқа түркі тілдеріндегі *а* дыбысына сәйкес келетін, *о*-дан гөрі «ашық» айтылатын (*от, борат, бор*) және басқа тілдердегі *о* (кейде *ө*) дыбысына сәйкес келетін, бірақ одан қысаң айтылатын *о*. Соңғы *о* фонемасы айтылуда у-ға жақын естіледі. Акустикалық жағынан өзбек тілінде *о* дыбысы у мен *о*-ның арасынан естіледі. Оны дыбыстағанда ауыз қуысы у дыбысын айтқандағыдай, бірақ ілгері қарай жүйткіген жағдайда болады», — дейді [3; 43]. Яғни қазақ тіліндегі жуан *о* мен жіңішке *ө* өзбек тілінде бір ғана у арқылы беріледі. Өзбек әдеби тілінде сингармонизм заңдылығының сақталмауына сәйкес у бірнеше жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың қызметін атқарады. Мысалы: *қол-қул, ойын-уйин, өзге-узга, көп-куп, қоңырау-қунгироқ, көмір-көмүр-кумир* т.б.

Яғни өзбек тіліндегі у-дың қазақ, қырғыз тілдеріндегі *о*, *ө* дыбыстарына сәйкес келгенімен де, бұл тілдегі у дыбысы у-ға жақын естіледі. Қазақ, қырғыз тілдеріндегі *о* мен *ө*-ні айтқанда, өзбек тіліндегі у-ға қарағанда, еріннің дөңгеленуі басым. Ал өзбек тілінің сингармониялық говорларында *ө* кездесе береді [7; 90].

Қазақ, қырғыз тілдеріндегі *о* жуан, ал *ө* жіңішке сөздермен қатар келіп, сөз мағынасын ажыратады да, графикалық тұрғыдан ерекшеленеді, ал өзбек тілінде екеуі бір ғана у-мен таңбаланады. Мысалы: *ор (шөп ору) — ур, өр (шаш өру)- ур, от (от жағу)- ут, өт (өтіп кету)- ут, бол (тез бол)-бул, бөл (екіге бөл)-бул* т.б.

Қазақ немесе көптеген түркі тілдерінде *о*, *ө* дыбыстарының сипаты татар, башқұрт тілдерінде у, ү түрінде болып келеді де, қыпшақ-бұлғар топшасындағы тілдердің фонетикасына байланысты ерекшелік ретінде көрінеді: *муйын-мойын, йул-жол, йук-жоқ, күз-көз, күк-көк, тугыз-тоғыз* т.б.

Ал *о* дыбысының чуваш әдеби тіліндегі ерекшелігін зерттеушілер төмендегі сипатта көрсетеді:

Басқа түркі тілдеріндегі *о* дыбысы чуваш тілінде у *сул-йол, сук-йоқ, хул-қол*), *ву (вунна-он, вут-от, вучах-очақ, вута-отын)*, *ва (вал-ол, ватар-отыз)*, *вы (выран-орын, выр-ор)* түріндегі сәйкестіктер ретінде орын тапқан [7; 89].

О, *ө* дыбыстарының басқа дыбыстарға қарағанда қазақ тіліндегі ерекшелігі ерін үндестігіне байланысты. Қазақ тілінде *о*, *ө* орфоэпиялық норма бойынша ғана сөздің барлық деңгейінде қолданылады. Ал түркі тілдерінің ішінде қырғыз, алтай тілдері ерін үндестігін күшті сақтайтын тілдер болғандықтан, барлық буында қолданыла береді және бұл орфографияда да сақталады.

Қазақ тіліндегі жуан *о* *-қор, -қой, -гой* қосымшалары құрамында келгенде, соңғы буындарда да кездеседі (*мансапқор, әуесқой, даңғой*). Қырғыз тілінде *о*, *ө* буын талғамай, қосымшалар құрамында да қолданылады (*қолдор, өкүлдөр, топтор, көчелер*) т.б. Бұл қырғыз тілінде лабиалды сингармонизмнің тілдік, құрылымдық деңгейде сақталғанына және оның күштілігіне байланысты болған ерекшелік көрінеді.

Қазақ тіліндегі *ұ* дыбысына көптеген тілдердегі қысаң еріндік у дыбысы сәйкес келеді. «Көне түркі тілінде сөздің басқы буынында айтылған у дыбысы қазақ, т.б. қыпшақ тілдерінде қысқа айтылатын *о* мен у немесе у мен *ы* арасында естілетін жуан дауыстыға ауысқан. V–VIII ғасырлар жазбалары тілінде: *қул (құл), уйа (ұя), уруш (ұрыс), қулақ (құлақ), қулач (құлаш)* т.б. Бұл фактілерге қарағанда, қазақ тіліндегі сөз басында айтылатын *ұ*-ның арғы түбі көне түркілік осы позициядағы у дыбысы болады», — деген М.Томановтың пікіріне қарасақ [1; 48], бұндай сәйкестік қазақ тілін бірталай түркі тілдерімен салыстырғанда да байқалады. Көне тілдегі у-дың *ұ*-ға өтуі қазақ тілінен басқа қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінде бар [2; 151].

Қазақ тіліндегі *ұ* дыбысының көне түркілік у дыбысымен ортақ дыбыс екендігі қазақ немесе басқа түркі тілдерінің тарихына қатысты мәліметтерден көрінеді.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліндегі *ұ* дыбысына ұқсас дыбыс татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ тілдерінде орын алған. Татар, башқұрт тілдерінде *о*, ноғай тілінде у, қазақ тілінде *ұ* әрпімен таңбаланатын бұл дыбыстың аталған тілдердегі сипаты ұқсас екендігін төмендегі мысалдардан көрінеді:

Қазақ: *ұзақ, ұзын, ұста, ұшқын, құлақ, мұрын, құлын.*

Башқұрт: *озак, озон, оста, оскон, колак, морон, колон.*

Ноғай: *узак, узын, уста, ушкын, кулак, бурын, кулын.*

Татар: *озак, озын, оста, очкын, колак, борын, колын.*

У дыбысы ұ дыбысының жіңішке сынары екені белгілі. Көне түркі тілінде у-дың қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі ұ болса, көне түркілік ұ дыбысы біраз қыпшақ тілдерінде сақталып қалған. Қазақ тіліндегі у башқұрт, татар тілдерінде ө, ноғай тілінде уь арқылы таңбаланады. Мысалдар:

Қазақ: *кун, тун, күміс, түлкі, күлкі.*

Башқұрт: *көн, төн, көмөш, төлкө, көлкө.*

Ноғай: *куьн, туьн, куьмис, туьлки, куьлки.*

Татар: *көн, төн, көмеш, төлке, көлке.*

Қазіргі түркі тілдеріне тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізу арқылы түркі тілдерінің фонетикасы мен сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы жөнінде мағлұмат алуға болады және бұл зерттеулер олардың тектестігін дәлелдейтін ұқсастықпен қатар өзгешеліктерін де көрсетеді.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстарын, бір жағынан, өзара салыстыра отырып, ескі мұраларға да назар аударуға, олардың даму, қалыптасуына шолу жасауға болады. Сол арқылы әрбір тілдің фонетикасындағы, ұқсастықпен қатар кейбір өзгешеліктер анықталады. Ол өзгешеліктердің көпшілігі әрбір ұлт тілінің қалыптасу, даму кезеңдерінде пайда болғандығы байқалады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 264 б.
2. *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. — Л.: Наука, 1970. — 204 с.
3. *Томанов М.* Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті, 1992. — 190 б.
4. *Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. — М.: Наука, 1986. — С. 10.
5. *Кононов А.Н.* Грамматика современного узбекского литературного языка. — М.-Л.: Изд. АН СССР, 1963. — С. 18.
6. *Решетов В.В.* Узбекский язык. — Ч. 1. Введение. — Ташкент: Учпедгиз, 1959. — 360 с.
7. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. 1. Фонетика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — 334 с.
8. *Бизақов С.* Тілдік норма және варианттылық. — Алматы: Ғылым, 1997. — 42-б.
9. *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф.* Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. — Алматы: Мектеп, 1962. — 107 б.
10. *Байтұрсынұлы А.* Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1989. — 146-б.
11. *Ысқақов А.* Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау. — Алматы: РБК, 1999. — 52-б.
12. *Гаджиева Н.З.* Проблемы тюркской ареальной лингвистики. — М.: Наука, 1975. — 303 с.
13. *Севортян Э.В.* Материалы к сравнительной фонетике турецкого, азербайджанского и узбекского литературных языков // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. 1. Фонетика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — С. 39.
14. *Батманов И.А.* Современный киргизский язык. — Фрунзе: Изд. АН СССР, 1963. — С. 100.
15. *Махмудов А.* Гласные узбекского языка. — Ташкент: Фан, 1968. — С. 26.